**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспортарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

366, 367, 368-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына 366-ҚОСЫМША

**502 - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 7564501 мың теңге (жеті миллиард бес жүз алпыс төрт миллион бес жүз бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; " Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1050 Жарлығы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстықты және

суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін мемлекеттік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 529 , 534 , 537 - 541-баптары .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : заңды бұзушылықты, осындай бұзушылықтарға әкеп соқтыратын себептер мен жағдайларды ең жоғары шамада анықтау және жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : адам және азаматтың, заңды тұлға мен мемлекеттің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауды заң бұзушылықты анықтау және жою. Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына жүктелген заңдардың қолданылуын қадағалау жөніндегі функциялардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын қорғау мақсатында қылмыстық қудалау саласында алынған халықаралық міндеттемелерді жедел орындау және қамтамасыз ету. Шетелде ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарын экстрадициялау саласында халықаралық ынтымақтастық деңгейін арттыру . Бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, заңды тұлғаларды ақпараттармен тиімді қамтамасыз ету. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет жасау. Өздерінің лауазымды міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін ұсынылатын талаптарға сәйкес кәсіби қызмет саласында білім бағдарламалары бойынша теориялық білімін, іскерлігі мен дағдыларын жаңарту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Қазақстан Республи- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | касында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппаратына жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген сандық лимиті шегінде ұстау, автокөлік және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету. Арнайы экстрадициялық топтарды бағыттау және экстрадициялау мәселелерін жедел шешуді қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасында заңдар мен заңға тәуелді актілердің қолданылуын қадағалауды іске асыру. | Бір жыл бойы | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Облыстық және оларға теңестірілген прокуратураларды жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген сандық лимитке сәйкес ұстау, автокөлік және ұйымдастыру техникамен қамтамасыз ету. Облыстарда заңдардың және заңға тәуелді актілердің қолданылуын қадағалауды іске асыру. Арнайы шифрлеу аппаратурасын сатып алу (54 бірлік) | Бір жыл бойы | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және оның аумақтық бөлімшелері |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Төрт тақырып бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға байланысты қызметтерді: - мемлекеттік сатып алуларды; - бюджеттік процестер мен бюджеттік саясатты; | Бір жыл бойы | Қазақстан Республикасының Бас |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - шығармашылық құқық пен заң процесін; - іс жүргізу мен құжаттануды ұйымдастыруды сатып алу. Мемлекеттік тілді оқыту. | | прокуратурасы |
| 5 | | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу | Прокуратура аумақтық органдарының 19 ғимараттарына: Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарының, Батыс аймақтық көлік прокуратурасының, Қарағанды және Қызылорда облыстары бойынша Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі басқармаларына күрделі жөндеу жүргізу бойынша қызметтерді сатып алу. | Бір жыл бойы | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және оның аумақтық бөлімшелері |
| 6 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппараттары мен аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін қамтамасыз ету үшін киім ілетін шкафтарды, құжаттарға арналған шкафтарды, металдық шкафтарды (картотекалық), сейфтерді, көшірме | Бір жыл бойы | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және оның аумақтық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аппараттарды, шағын АТС, бейнепроекторды, полиграфия үшін арнаулы жабдық-тарды, ұйымдас-тыру техникасын (франкировальды машина) сатып алу. | | бөлім-шелері |
| 7 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекет-тік орган-дарды ақпараттық-техника-лық қам-тамасыз ету | Шығыс материал-дарын, жинақтаушы қосалқы бөлшек-терді сатып алу. Интернет желісі-не ену қызмет-тері, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 20 бөлімшесінде корпоративтік желіні ұйымдасты-ру. Есептеуші техникалық құралдар және желілермен жүйелік-техника-лық қызмет көрсету. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық бөлімше-лерінде есептеуіш желілердің ақпараттық жүйе-лері мен желілі міндеттерін сүйемелдеу, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық бөлімшелерінде БҚ "Лука бюджет" сүйемелдеу. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық жүйесін, дактилокартті енгізу бойынша қызметтерді сүйемелдеу. Есептеуіш техникасын сатып алу. Лицензиялық бағдарламалық өнімдерін және вируске қарсы бағдарламаларды сатып алу. | Бір жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Бас прокура-турасы және оның аумақтық бөлім-шелері |
| 8 | | 021 | 1997-1998 жылдардағы әскери қызметші-лерге | 1997-1998 жылдарға кезең-дерге арналған сыйақы төлемдері | Бір жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Бас |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | үстемақы төлеу | бойынша әскери қызметкерлердің қарыздарын жабу. | | прокуратурасы, Бас әскери прокуратурасы |
| 9 | | 100 | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің аппараты | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аппаратын жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген сандық лимит шегінде ұстау, автокөлік және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету. Жедел және ведомстволық есептерді қоспағанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында есепке алу, статистикалық, ақпараттық, талдау және бақылау қызметін қамтамасыз ету. Құқықтық статистикалық ақпараттарды жинақтау, жүргізу және өңдеу. | Бір жыл бойы | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті |
| 10 | | 101 | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықты статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің | Бір жыл бойы | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақ- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | есеп жөніндегі комитеті-нің аумақ-тық орган-дарының аппарат-тары | аумақтық органдарының аппаратын жүктелген функцияларды орындау үшін бекітілген сандық лимит шегінде ұстау, автокөлік және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету. Жедел және ведомстволық есептерді қоспағанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында есепке алу, статистикалық ақпараттық талдау және бақылау қызметін қамтамасыз ету. Құқықтық статис-тикалық ақпарат-тарды жинақтау, жүргізу және өңдеу. | | стан Респуб-ликасы Бас про-курату-расының Құқықтық статис-тика және арнайы есепке алу жөнін-дегі комитеті |
| 11 | | 102 | Қазақстан Республи-касы Бас прокурату-расының Қаржылық мониторинг комитеті-нің аппараты | Қазақстан Респуб-ликасы Бас прокуратурасының жанындағы қаржы мониторингі жөніндегі комитетінің аппараттарын жүктелген функцияларды орындау мақсатын-да бекітілген лимиті шегінде ұстау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет жасау. | Бір жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Бас прокура-турасы, Қазақ-стан Респуб-ликасы Бас прокура-турасы-ның жанын-дағы қаржы монито-рингі жөнін-дегі комитеті |
| 12 | | 103 | Қазақстан Республи-касы Бас прокурату-расының Қаржылық мониторинг комите-тінің аумақтық | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Қаржы мониторингі жөніндегі комитетінің аумақтық органдары аппараттарын жүктелген функцияларды орындау мақсатын-да бекітілген лимиті шегінде | Бір жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Бас прокура-турасы, Қазақ-стан Респуб- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | органда-рының аппарат-тары | ұстау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет жасау. | | ликасы Бас прокура-турасы-ның жанын-дағы Қаржы монито-рингі жөнін-дегі комитеті және оның аумақтық бөлім-шелері |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тура нәтиже:
- прокурордың қатысуымен істерді қарау;
- жалпы саны 5131 бірлікте Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппаратына және оның аумақтық бөлімшелеріне, жалпы саны 771 бірлік құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің орталық аппаратына, жалпы саны 90 бірлік Қазақстан Республикасы прокуратурасының жанындағы қаржы мониторингі жөніндегі комитетінің орталық аппаратына және оның аймақтық бөлімшелеріне жүктелген міндеттерді толық түрде орындау;
- 771 адамның кәсіби деңгейін арттыру, 1151 адамға мемлекеттік тілді оқыту;
- саны 1025 бірлік жиһазды, саны 536 бірлік сейфтерді, саны 67 бірлік ұйымдастыру техникасын сатып алу;
- прокуратура аумақтық органдарының 19 ғимаратында күрделі жөндеу жүргізу;
- аумақтық органдар үшін саны 54 бірлік арнайы шифрлеу аппаратурасын сатып алу;

Соңғы нәтиже:
- мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін 13% арттыруда қажеттілікті қамтамасыз ету және 20%-на мемлекеттік тілді оқыту;
- шектелмеген адамдар шеңберінің конституциялық құқықтарын қорғау бойынша және заңдылықтың қолданылуын қадағалау іс-шараларын өткізу;
- материалдық-техникалық жарықтандыруымен 100% қамтамасыз ету;
- шетелде ұсталған адамдарды экстрадициялауды іске асыру;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуын анықтау және жоюға бағытталған бақылау шаралары кешенін өткізу;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет жасау шараларын өткізу;

Қаржы-экономикалық нәтиже:

- орталық аппараттың бір мемлекеттік қызметкерін ұстауға арналған орташа шығындары 1749 мың теңге;
- аумақтық органдардың бір мемлекеттік қызметкерін ұстауға арналған орташа шығындары 1054 мың. теңге;
- штаттан тыс бір мемлекеттік қызметкерін ұстауға арналған орташа шығындары 216 мың теңге;
- бір мемлекеттік қызметкердің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығындары 13,006 мың теңге;
- бір мемлекеттік қызметкердің оқуына арналған орташа шығындары 8,713 мың теңге.
Уақтылығы:
- белгіленген мерзімге сәйкес іс-шараларды уақытылы орындау;
Сапасы:
- адам мен азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда заңбұзушылықтарды ең жоғарғы шамада анықтау және жою;
- белгіленген мерзімде сотталғандығы/сотталмағандығы туралы анықтаманы ұсыну және азаматтар өтініштерінің болмауы;
- мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде елдегі құқықтық тәртіп заңдылығының жағдайы туралы ақпараттармен нақты және тиімді қамтамасыз ету;
- заңсыз кірістерді заңдастыру белгілерінің барлығы туралы жасасу үшін нақты негіздерді анықтау;
қазіргі экономикалық жағдайларға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру; мемлекеттік тілді оқу курстарын өткеннен кейін мемлекеттік тіл бойынша іс жүргізу өндірісіне ауысқан мемлекеттік қызметкерлердің үлесі - 5%; біліктілігін арттыру курстарынан өткеннен кейін жоғары лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметкерлердің үлесі - 9%.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
367-ҚОСЫМША

**502 - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық

ақпараттық өзара іс-қимыл"
деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 3335 мың теңге (үш миллион үш жүз отыз бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1050 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен мемлекетаралық алмасу бойынша қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары, прокуратура, құқықтық статистика және арнайы есепке алу және өзге де мемлекеттік органдары қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіпті қорғау міндеттерін шешу үшін жедел-анықтамалық , іздестіру, криминалдық және өзге есепке алынатын мәліметтермен мемлекетаралық алмасу .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл | Қазақстан Республикасының үлес қаражаты бойынша Ресей Федерациясы ішкі істер министрлігі Бас ақпарат орталығының Мемлекетаралық ақпарат банкісінің ағымдағы төлемдерін төлеу. | 2006 жылдың қаңтары-желтоқсаны | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | есепке алу жөнін-дегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тура нәтиже:
- тұрақты негізде жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен алмасу.
Соңғы нәтиже:
- тергеумен аяқталған немесе жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен алмасу нәтижесінде қылмыстардың ашылуын арттыру.

Қаржы-экономикалық тиімділік:
- жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен алмасу шегінде мемлекетаралық ақпараттық банктің мәліметтерін тікелей пайдаланумен жедел-іздестіру қызметтеріне арналған шығындарды азайту (оңтайландыру).
Уақытылығы:
- мемлекетаралық ақпараттық банктің мәліметтерін ұстау үшін уақытылы төлемдерді төлеу.
Сапасы:
- жедел-анықтамалық, іздестіру, криминалдық және өзге де есепке алынатын мәліметтермен мемлекетаралық алмасу нәтижесінде алынған ақпараттардың уақытылығы және дәлділігімен қанағаттандырылған мемлекеттік органдардың 100%.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
368-ҚОСЫМША

**502 - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесін құру"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 777567 мың теңге (жеті жүз жетпіс жеті миллион бес жүз алпыс жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы

22 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 1050 Жарлығы 3-тармағының 2-тармақшасы; "Қазақстан Республикасында Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы N 1374 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Президент әкімшілігін, Парламентті, министрліктерді, ведомстволарды, басқа да мемлекеттік органдарды, жеке тұлғаларды және құқықтық статистика және арнайы есепке алудың өзге субъектілерін қылмыстар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен оларды жасаған адамдар және құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша өзге де мәліметтер туралы толық және шүбәсіз мәліметтермен уақытылы қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** автоматтандырылған ақпараттық мәліметтер базасын құру, құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтерін жинау, өңдеу, сақтау, жіктеу, талдау, жаңғырту және болжамдау процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ету, барлық мүдделі мемлекеттік органдарға құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша есептерді және өзге де статистикалық және талдау ақпараттарын уақытылы қалыптастыру және беру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесін құру | Ведомствоның деректер кесімі серверін иелену, корпоративтік желімен басқару үшін серверлер, ведомство дерекқорының сервері үшін процессор мен жад, қолданушылардың жұмыс станциялары, арнайы тағайындаудағы жұмыс станциялары, локальді принтерлер, сканерлер және іркілсіз жұмыс істеу көздері. Іске асыру мерзімі: 2006 жылдың 1 тоқсаны. | 2006 жылдың қаңтары-желтоқсаны | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Лицензиялық бағдарламалық қажетті қолдану- ларды иелену. Іске асыру мерзімдері: 2006 жылдың қаңтар-сәуірі. "Арнайы есептер", "Ақпараттық сервис", "Азамат- тар өтініштерін бірыңғай есепке алу", Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе" ақпараттық жүйелерін әзірлеу, дамыту, енгізу және таралымдау. Іске асыру мерзімі: 2006 жылдың ақпан-қарашасы. Қолданушылар және әкімшілер- дің оқып-білуі Іске асыру мерзімдері: 2006 жылдың ақпан-қарашасы. | | және арнайы есепке алу жөнін- дегі комитеті және оның аумақтық бөлім- шелері |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.10.26. N* 470в *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тура нәтиже:
- ведомствоның ДК сервері - 1 бірлік, корпоративтік желімен басқару үшін сервер - 1 бірлік, ведомство дерекқорының сервері үшін процессор мен жад 1 жиынтық, қолданушылардың жұмыс станциялары - 567 бірлік, арнайы тағайындаудағы жұмыс станциялары - 2 бірлік, локальді принтерлер - 305 бірлік, автобергішпен іркілсіз сканерлеудегі арнайы сканерлер - 2 бірлік, офистік сканерлер - 290 бірлік, іркілсіз жұмыс істеу көздері - 567 бірлік;
- СУБД Oracle лицензиясын иелену, Internet Developer Suite, Red Hat Enterprise Linux AS, Red Hat Cluster Suite, Red Hat Global File System, Arc View бағдарламалық жұмыстары, вирусқа қарсы бағдарламалар;
- "Арнайы есептер", "Ақпараттық сервис", "Азаматтар өтініштерін бірыңғай есепке алу ", "Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе" автоматтандырылған ақпараттық жүйелер;
- қолданушыларды және әкімшілерді оқыту;
Соңғы нәтиже:
- статистикалық және талдау ақпараттармен өз уақытылы қамтамасыз етілген мемлекеттік органдардың 50%;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша өз уақытылы берілген есептер мен өзге де статистикалық және талдау ақпараттарының 100%;

Қаржы-экономикалық тиімділік:
- автоматтандырылу арқылы өткізілетін жинақтау, өңдеу, ақпаратты талдау шығындарының кемуі;
- құқықтық статистика сапасын және нақтылығын жоғарлату;
Уақытылығы:
- мемлекеттік сатып алуларды өз уақытылы өткізу және қызметтерге келісім тұжырымдау;
Сапасы:
- алынған ақпараттардың уақытылығы және нақтылығымен қанағаттандырылған құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің 100%.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.10.26. N* 470в *қаулысымен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК